

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі арасындағы Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 469 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі арасындағы Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі арасындағы Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ**

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ынтымақтастықты екі ел халықтарының арасындағы достық қатынастарды дамыту мен нығайтудағы маңызды және қажетті элементтердің бірі ретінде тани отырып, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының арасындағы өзара қатынастарды кеңейту мен көтермелеу үшін негіз қалауға ұмтыла отырып, бұдан әрі Тараптар деп аталған Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

**1-бап**

Тараптар тәжірибе мен ақпарат алмасу үшін кездесулер және консультациялар өткізу жолымен халықаралық спорттық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту мақсатында спорттың әрбір түрі бойынша мемлекеттік спорттық органдар мен федерациялар басшыларының іс-қимылын үйлестіруге жәрдем көрсетеді.

Тараптар спорт байланыстарын нығайту мақсатында қазақстандық және белорустық спортшылардың, жаттықтырушылардың, спорт қозғалысын ұйымдастырушылардың екі елде өткізілетін жарыстарға және халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуына

ж ә р д е м

к ө р с е т е д і .

Тараптар даярлық деңгейі мен спорттық шеберлікті арттыру мақсатында екі елдің спорттық базаларында спорттың алуан түрі бойынша ұлттық, құрама және клубтық командалардың бірлескен жаттығуларын, оқу-жаттығу жиындарын өткізуді ынталандырады.

## **2-бап**

Тараптар бұқаралық-спорттық іс-шаралар ұйымдастыру жөнінде тәжірибе алмасуға ж ә р д е м д е с е д і .

Тараптар дене шынықтыру және спорт арқылы халықты сауықтыру проблемалары бойынша ғылыми-әдістемелік ақпаратпен алмасады.

## **3-бап**

Тараптар жаттықтырушыларды және ғылыми-педагог кадрларды даярлау мен қайта даярлау саласында ынтымақтасады.

Тараптар екі елде ұйымдастырылатын дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі ғылыми конгрестерге, симпозиумдарға, семинарларға қазақстандық және белорустық ғалымдардың, мамандардың қатысуына ықпал етеді.

Тараптар жоғары жетістікте спорт, спорттық диагностика саласындағы соңғы жетістіктер туралы жоғары сыныпты спортшыларды даярлау кезінде медициналық-биологиялық қамтамасыз ету және қазіргі заманғы ғылыми аппаратуралар мен жабдықтарды пайдалану әдістері туралы ғылыми жұмыстармен, ақпаратпен алмасуға жәрдемдеседі.

## **4-бап**

Тараптар таза ойын қағидаттарына адалдықты растайды және спортшыларды даярлау мен жарыстар кезінде тыйым салынған құралдар мен әдістерді пайдалануға қарсы күресте бірлескен іс-қимылдар жүргізеді.

## **5-бап**

Тараптар спорт құрылыстарын салу, пайдалану және басқару, спорт маркетингін дамыту саласында тәжірибе алмасуларға жәрдемдеседі.

## **6-бап**

Тараптар екі елде дене шынықтыруды және спортты дамыту мақсатында спорт түрлері жөніндегі федерациялар, олимпиадалық даярлық орталықтары, спорттық

бейіндегі ғылыми және оқу орындары арасында тікелей байланыстар орнатуға жәрдемдеседі.

## **7-бап**

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметтің барлық түрлері Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Тараптар мемлекеттерінің бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылады.

## **8-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін тиісті хаттамалармен ресімделеді.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

## **10-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату туралы ниеті туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар еткен күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2004 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа даналарда жасалды, әрі мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы*  
*Мәдениет, ақпарат және спорт*  
*министрлігі үшін*

*Беларусь Республикасы*  
*Спорт және туризм*  
*министрлігі үшін*